

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы Тау кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Тұрғанов Әділжан Бақытжанұлы

Алматы облысы аумағындағы ауыл шаруашылық мақсатындағы  
жерлерді ұтымды пайдалану

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

6B07304–«Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы


Ө.А Байқоңыров атындағы Тау кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

«Маркшейдерлік іс және геодезия»  
кафедрасының меңгерушісі

PhD докторы, қауым, профессор

 Э.О.Орынбасарова

«7» 06 2024ж.

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы: «Алматы облысы аумағындағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді  
бағалау және ұтымды пайдалану»


6B07304—«Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Орындаған

Пікір беруші


Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ

PhD докторы, доцент м.а.

 Сарыбаев Е.С

«23» 05 2024ж.


Тұрғанов Әділжан



Жетекшісі:

Техника ғылымдарының

кандидаты, қауым, профессор

 Мадимарова Г.С

«7» 06 2024 ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университет коммерциялық емес акционерлік қоғамы»

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

**БЕКІТЕМІН**

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ	«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісі,
НАО «ҚазНТУ им.К.И.Сәтпаева»	PhD докторы, қауым, профессор
Горно-металлургический институт им. О.А. Байқоңурова	Э.О.Орынбасарова
	« 7 » 06 2024ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға арналған  
ТАПСЫРМА**

Білімалушы: Турганов Әділжан

Тақырыбы: Алматы облысы аумағындағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану

Академиялық істер жөніндегі Проректор 2024 "04" 12 548-П/Ө-6 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « 23 » сәуір 2024жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: ЖОО қабырғасынан алған теориялық материалдар мен тәжірибеден өту барысында жинақталған мәліметтер

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау
- б) Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
- в) Ауылшаруашылық жерлерді ұтымды пайдалану және бағалау кезіндегі агроарыштық түсірістерді қолдану әдістері

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

Жұмыс презентациясы 16 слайдтарда көрсетілген





Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 8 атаулардан

- 1) Sokolov D.A., Androkhonov V.A., Kulizhskii S.P., Domozhakova E.A., and Loiko S.V. Morphogenetic Diagnostics of Soil Formation on Tailing Dumps of Coal Quarries in Siberia. - Eurasian Soil Science: © Pleiades Publishing, 2015. - Vol. 48, No1. - P. 95–105.
- 2) ҚР экологиялық кодексі. - Алматы: ЮРИСТ, 2016. - 164 б.
- 3) ҚР жер кодексі. - Алматы: ЮРИСТ, 2014. - 104 б.


Дипломдық жұмысты дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, дайындалатын сұрқтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау	26.02.2024	-
Бонитет баллының кадастрлық бағалаудағы рөлі	14.03.2024	-
Ауылшаруашылық жерлерді ұтымды пайдалану және бағалау кезіндегі агроғарыштық түсірістерді қолдану әдістер	12.04.2024	-


Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,  
кеңесшілер мен және норма бақылаушының қойған  
қолдары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау	Мадимарова Г.С т.ғ.к., қауым. профессор	21.05.2024	
Бонитет баллының кадастрлық бағалаудағы рөлі	Мадимарова Г.С т.ғ.к., қауым. профессор	24.05.2024	
Ауылшаруашылық жерлерді ұтымды пайдалану және бағалау кезіндегі агроғарыштық түсірістерді қолдану әдістер	Мадимарова Г.С т.ғ.к., қауым. профессор	28.05.2024	
Қалып бақылаушы	Мадимарова Г.С т.ғ.к., қауым. профессор	29.05.2024	

Ғылыми жетекшісі

 Мадимарова Г.С

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 Тұрғанов Ә.Б

Күні

«12» 12 2023ж.

## **АҢДАТПА**

Дипломдық жұмыс: кіріспе, 3 тарау және қорытынды және қосымша материалдан тұрады. Ұсынылған дипломдық жұмыс жер учаскесі туралы егжей-тегжейлі баяндалады. Бірінші тарауда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бағалау және жер учаскелерінің құнын бағалау қарастырылған. Екінші тарауда зерттеу объектісінің сипаттамасы яғни Алматыоблысындағы босалқы жерлер мен ауыл шаруашылығы мақсатында қолданылған жер учаскелерінің кадастрлық бағалауы қарастырылады. Үшінші тарауда жер учаскесінің кадастрлық құнын анықтау, сонымен қатар, ұтымды пайдалану мен жерді қорғау ұсыныстары қарастырылды.

## **АННОТАЦИЯ**

Дипломная работа: содержит введение, 3 Главы и заключительный и дополнительный материал. В предлагаемой дипломной работе подробно описывается земельный участок. В первой главе речь идет об оценке земель сельскохозяйственного назначения и оценке стоимости земельных участков. Вторая глава посвящена описанию объекта исследования – кадастровой оценке свободных земель и земельных участков сельскохозяйственного назначения в Алматинской области. В третьей главе рассмотрено определение кадастровой стоимости земельного участка, а также предложения по рациональному использованию и охране земель.

## **ANNOTATION**

Thesis: contains an introduction, 3 Chapters and final and additional material. The proposed thesis describes the land plot in detail. The first chapter deals with the assessment of agricultural land and the assessment of the value of land plots. The second chapter is devoted to a description of the object of study - the cadastral valuation of vacant lands and agricultural land plots in the Almaty region. The third chapter discusses the determination of the cadastral value of a land plot, as well as proposals for the rational use and protection of land.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау	9
1.1 Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау	9
1.2 Жерді ұтымды пайдалану мақсатында мониторинг жүргізу	13
1.3 Жерді тиімді пайдалану мен қорғау мәселелері	16
2 Бонитет баллының кадастрлық бағалаудағы рөлі	18
2.1 Зерттеу аймағына сипаттама	18
2.2 Климаты, гидрологиясы және топырақ жамылғысы	20
2.3 Ауыл шаруашылық жерлерінің бонитеттік балын анықтау	23
2.4 Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері	31
3 Ауыл шаруашылық жерлерді ұтымды пайдалану және бағалау кезіндегі аэроғарыштық түсірістерді қолдану әдістері	34
3.1 Зерттеу аумағы жерлерін есепке алу және пайдалану	34
3.2 Топырақ сапасын және де эрозияға ұшырау дәрежесін анықтау	41
3.3 Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерді кадастрлық бағалау	51
Қорытынды	54
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	55

## КІРІСПЕ

Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Алматы облысы өзінің әртүрлі климатына, құнарлы топырақтарына және су ресурстарына қолжетімділігіне байланысты ауыл шаруашылығы өндірісі үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қолдауда және экономикалық тұрақтылықты арттыруда негізгі фактор болып табылады. Осы жерлердің жай-күйін бағалау және оларды ұтымды пайдалану мониторингтің заманауи әдістерін, агроэкологиялық жағдайларды бағалауды және жер ресурстарын басқару стратегияларын әзірлеуді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Жерді пайдалануды басқарудың жаңа технологиялары мен әдістерін енгізу, сондай-ақ жер ресурстарын пайдалануды оңтайландыру Алматы облысының тұрақты дамуына ықпал ете отырып, ауыл шаруашылығы секторының өнімділігін айтарлықтай арттыра алады.

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау елдің саяси міндеттерін жүзеге асырудың ғана емес, сонымен бірге жер қатынастарын реттеу саласындағы саясатты тиімді жүзеге асырудың да негізгі құралы. Ауыл шаруашылығының табысты болуы үшін әрбір гектар жерді ұтымды пайдалану қажет, сонымен қатар жердің кадастрлық құнын белгілеу үшін жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалау ҚР аумағында бағалау нәтижелерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ету және жердің әр түрлі санаттарын бағалаудың әдіснамалық тәсілдерін біріздендіру мақсатында белгілі бір әдістеме бойынша жүргізіледі. Қалалық және ауылдық қоныстардың шегінен тыс жерде ауыл шаруашылығы алқаптарын мемлекеттік кадастрлық бағалау есептік ренталық кірісті капиталдандыру негізінде жүзеге асырылады.

# **1 Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау**

## **1.1 Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау**

Мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты жер пайдалану мен меншік құқығының барлық субъектілерінің жерді ұтымды пайдалануы мен қорғауына жету болып табылады.

Заң бойынша ауыл шаруашылық мақсатындағы жердің басқа санаттар алдындағы басымдылығы айқындалған. Бұл артықшылық ауыл шаруашылығы қажеттілігі үшін жарамды жерлер тікелей мақсатына сәйкес пайдалануы керектігін білдіреді.

Өнеркәсіптік, өндірістік тұрғын объектілер, темір жол және автомобиль жолдары, электр желілері, құбырлар құрылысы үшін ауыл шаруашылығын жүргізуге жарамсыз, ауыл шаруашылық емес мақсаттағы жерлер бөлінуі тиіс.

Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында жалпы және жеке міндеттер орындалады. Жалпы міндеттердің негізгілері мыналар:

1. министрлердің, ведомстволардың, сондай-ақ, барлық заңды тұлғалар мен азаматтардың жер заңдылығын сақтауын қамтамасыз ету;
2. жерді жеке меншікке және тұрақты жерді пайдалануға берудің тәртібін қамтамасыз ету;
3. жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығын бақылау;
4. жерге орналастыруды жүргізудің дұрыстығын қамтамасыз ету;

Жерді пайдалануға мемлекеттік бақылау жалпы және тұрақты болып табылады.

Оның жалпылығы – жер қорының барлық санатты қамтитындығы және барлық жер пайдаланушылар мен меншік иелеріне таралады. Ал, тұрақтылығы – қолдайында бір мерзімдермен шектелмеген, күнделікті жүзеге асырумен сипатталады.

Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдарға байланысты бақылаудың екі типі ажыратылады:

1. мемлекеттік;
2. қоғамдық.

Мемлекеттік бақылау – билік және басқарудың мемлекет атқарушы органдармен заңдардың орындалуын қадағалайтын арнаулы бақылау органдарымен және арнаулы ведомстволық қызмет органдармен жүргізіледі.

Қоғамдық бақылау – белгілі бір тұлғалардың өздерінің негізгі міндеттерін орындаудан басқа қосымша жүктеме түрінде қоғамдық бастамаларда жүргізіледі. Мұнда екі жағдайда құқықтық сандары бірдей және орындалуы міндетті.

Жер пайдаланушыларға бақылауды жүргізу барысында келесі кезеңдер анықталады: камералды дайындық жұмыстары, далалық зерттеулер және бақылау нәтижелерін безендіру.

Камералдық дайындық барысында жердің құқықтық және шаруашылықтық орналасуы жөніндегі материалдар мен олардың сапасы, мақсаты, орналуы т. б. жөніндегі мәліметтер жинақталады. Сонымен бірге жер пайдалану мен меншік құқығын тіркеу жөніндегі шаруашылықаралық және



ішкішаруашылық жерге орналастыру жөніндегі мәліметтер, планды-картографиялық материалдар жинақталуы керек.

Далалық зерттеулер барысында жердің нақты жай-күйі, ауыл және халық шаруашылықтарында, басқа да салаларда нақты пайдаланылуы анықталады.

Жұмыстың мазмұны мен ерекшеліктеріне, сондай-ақ қойылатын міндеттеріне байланысты бақылаудың 3 түрі бөлінеді:

1. алдын-ала;
2. ағымдағы;
3. кезекті.

Алдын-алабақылаудың сипатты үлгісі жобаларды сараптау болып табылады. Мұнда негізсіз шешімдерді болдырмас үшін жобалық шешімнің ғылыми негізделген нұсқауларға, нормаларға сәйкестігі анықталады.

Ағымдағы бақылаудың әрекеттерінің бірі жобалардың жүзеге асырылуын бақылау және авторлық бақылау болып табылады. Жоба сапалы жасалғанмен, оны жүзеге асыруда қоршаған табиғи ресурстарға кері әсерлер, зиянды өзгерістері болуы мүмкін.

Кезекті бақылауға жер пайдалануды талдау жатады. Кезекті бақылау нәтижесінде алынған қорытындылар бойынша жердің нақты пайдалану деңгейі жөнінде қорытынды жасауға, келешекте жерді барынша ұтымды пайдалану жолдарын белгілеуге, жобалық шешімдердің орындалуының дұрыстығын айқындауға және олардың орындалмау себептерін немесе бұл шешімдердің негіздерін айқындауға болады.

Жұмыс көлеміне және бақылауға қамтылатын аумаққа байланысты бақылаудың келесі түрлері бөлінеді:

1. жалпы мемлекеттік;
2. ведомстволық;
3. ішкішаруашылық.

Жалпы мемлекеттік бақылау – мемлекеттік шара ретінде қарастырылады және мемлекет оны жүргізудің мазмұны, міндеттері мен тәртібін, құжаттың мазмұны мен формасын, есеп берудің мерзімдерін, бақылаушы органдарды анықталады. Бұл тәртіп мемлекеттің барлық аумағына міндетті және барлық жерлерді қамтиды. Мемлекеттік бақылаумен қатар ведомстволық бақылауды жүргізу қажеттілігі туады, ол мемлекеттік бақылаумен өзара байланысты, бірақ объектісімен ерекшеленеді.

Ведомстволық бақылау – халық шаруашылығының нақты саласы бойынша мәліметтерді береді. Мысалы: орман шаруашылығын ұтымды жүргізуін анықтау үшін, орман шаруашылықтары орманмен жабылған аумақтың пайдалануы мен жай-күйін білуі керек.

Ішкі шаруашылық бақылау – жер пайдаланушының немесе жердің нақты меншік иесінің аумағымен шектеледі және шаруашылықтағы жер резервтерін анықтайды. Жердің ұтымды және мақсатты пайдалануының дәрежесін, сондай-ақ жер заңдарын бұзу фактілерін айқындайды.

Мемлекеттік бақылаудың түрлерімен қатар бірнеше белгілер бойынша оның түрлері бөлінеді. Мазмұны бойынша жалпы және арнаулы мемлекеттік бақылау болып бөлінеді. Егер ішкішаруашылық жерге орналастыру тексеруге жатса, онда жалпы бақылаудың міндеті жерге орналастыру жобасының барлық құрамдас бөліктерінің дұрыстығын тексеру болып табылады. Ал, арнаулы

бақылау жерге орналастыру процесінің қандай бір бөлігі немесе кезеңі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Жер пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылады жүргізу барысында жалпы және арнаулы элементтер айқындалады. Жалпы элементтер жер қорының барлық санаты үшін сипатты, ал арнаулы элементтер жердің әртүрлі санатына қатысты бақылаудың ерекшелігін білдіреді.

Жер пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау қарым-қатынас сипаты бойынша ажыратылуы мүмкін. Бұл белгісі бойынша сыртқы және ішкі (ведомство ішінде) бақылаулар болып бөлінеді. Егер, сыртқы бақылау Үкімет пен басқарудың жалпы мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылса, онда ішкі бақылау жер пайдаланушылар мен меншік иелерінің өздерімен жүзеге асырылады. Бұл бақылау мемлекеттік бақылауға қажетті барлық мәліметтерді қамтиды, сондай-ақ нақты ведомствоның, шаруашылықтың арнаулы мәселелерін шешеді.

Мәліметтердің толықтығына қатысты мемлекеттік бақылау сипаты бойынша жаппай және таңдаулы бақылау болып бөлінеді.

Жаппай бақылауға барлық бақыланатын аумақ жатады.

Таңдаулы бақылауға жер заңдылығын сақтауда барынша күдік туғызатын аумақтардың жеке бөліктері жатады.

Жаппай бақылау мемлекеттік инспекциямен арнайы жасалған график бойынша жүргізіледі. Оның кезінде жер заңдылығын сақтаудың барлық параметрлері мен элементтері бойынша жан-жақты тексеру жүреді.

Таңдаулы бақылау еңбек шығынын азайта отырып, барынша сипатты немесе орташа көрсеткіштерді қолдана отырып, уақыт жеткіліксіз жағдайда жүргізіледі.

Мемлекеттік бақылау уақытымен үздіксіздігі бойынша мыналарға бөлінеді:

1. жүйелі (тұрақты);
2. кезеңдік (тең уақыт аралығы сайын);
3. бір уақытты (бірнеше уақыт аралығы сайын).

Жүйелі бақылау уақыт кезеңдерін белгілеусіз тұрақты түрде арнаулы органдармен жүргізіледі. Жер заңдылығының бұзылуы, жердің сапасының жай-күйі, оларды пайдалану мен қорғаудың тиімділігі жөніндегі мәліметтерді алуға, өңдеуге және таңдауға бағытталған. Жүйелі бақылау құқық бұзушылықтың алдын-алуға, өз уақытында шаралар көруге, жер заңдылығын орындамаған жағдайда құқық бұзушыны жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Бірақ бірқатар заң бұзушылар бойынша алдын-ала белгіленген кезеңдік - белгілі уақыт аралығы сайын бақылау жүргізу жеткілікті. Мысалы: ауылшаруашылығы өндірісінде мұндай кезеңдер жер пайдаланудың маусымдылығына байланысты.

Бір уақытты бақылау үлкен аумақта жүргізіліп, тар ауқымды міндеттерді шешуі мүмкін. Ол сол кезеңдегі экологиялық, әлеуметтік немесе табиғи жағдайларға байланысты болады. Мысалы: ҚР масштабында белгілі бір кезеңде шаруа қожалықтарында жердің пайдалануын айқындау.

Айқындалған құқық бұзушылар мен өзгерістер тексттік құжаттарда ғана емес, планды-картографиялық негізінде көрсетілуі тиіс. Сандық ақпаратты жер пайдалану пландарын қолдана отырып немесе арнаулы диаграммаларды, графиктерді, т. б. сыза отырып, графикалық түрде көрсету қажет.

Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүргізу әртүрлі әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін. Қандай-да бір әдісті таңдау жүргізетін бақылаудың шарттарына, қойылатын міндеттері мен мәліметтердің ерекшеліктеріне байланысты. Бақылауды зерттеу, өлшеу, құжаттарды тексеру т. б. жолымен жүргізуге болады. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау негізінен екі тәсілмен жүргізіледі:

1. визуалды-құралдық;
2. құжаттық.

Халық шаруашылығының салаларында жер әртүрлі мақсаттар үшін пайдаланылады және соған сәйкес мемлекеттік бақылау жүргізіледі. Жердің өндірістің әртүрлі салалары, сондай-ақ адамдардың қызмет саласындағы ролі әртүрлі. Егер, жер кеңістік базис ретінде қолданылса, ол орналастыру орнымен және көлемімен сипатталады. Ауыл және орман шаруашылықтарында жер басты өндіріс құралы болып табылады. Оның басты белгілері – оны пайдалану және сапалық жай-күйі болып табылады.

Жерді кеңінен пайдаланушы өнеркәсіп, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде топырақтың генетикалық қабаттары бүлінеді. Сызықтық ғимараттарды салу кезінде жерді ұтымды пайдаланып, оларды ластанудан қорғау қажет. Сондықтан, халық шаруашылығының әртүрлі салаларда мемлекеттік бақылаудың мазмұны, оны жүргізудің әдістері сияқты әртүрлі. Мысалы: жерді өз еркімен пайдалануды жерге құқық беретін құжаттарды тексеру барысында, сондай-ақ жер бетінде көзбен көріп, айқындауға болады.

## **1.2 Жерді ұтымды пайдалану мақсатында мониторинг жүргізу**

Ауыл шаруашылығы алқаптарының мониторингі ауыспалы егіс алқаптарының жай-күйі мен пайдаланылуына, топырақ құнарлылығының көрсеткіштеріне, егістік, тыңайған, шабындық және жайылымдардағы өсімдік жамылғысының жай-күйінің өзгеруіне және т.б. жүйелі бақылауды қамтиды.

Жер мониторингі олардың жағдайын және жүйені бақылау мақсатында жерді ұтымды пайдаланудың тиімді құралы болып табылады. Қазіргі уақытта еліміздің көптеген субъектілерінде топырақ құнарлылығының төмендеуі жалғасуда, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлердің жағдайы нашарлауда [3].

Мониторингтің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жаңа құралдар мен технологиялар, бақылаулар, ақпаратты жинау және өңдеу жүйелері, соның ішінде жерді қашықтықтан зондтау деректеріне негізделген жұмыстар ең объективті және тиімді, бұл бір уақытта жер пайдалануды бақылауға мүмкіндік береді. Жерді пайдалану, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының дамуы мен өнімділігінің болжамы жасалады.

Қазіргі уақытта қашықтықтан бақылау, бірінші кезекте спутниктік ауылшаруашылық алқаптары алып жатқан бүкіл аумақта объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл ақпаратты жаңарту уақыты бірнеше күннен 1 жылға дейін, көптеген факторларға, соның ішінде оның кеңістіктік ажыратымдылығына байланысты болып табылады.

Қазіргі таңда жасалып жатқан жұмыстардың даму бағыттарын анықтау және жағдайды болжау мақсатында көп уақыттық картографиялық

материалдарды, жерді қашықтықтан зондтау деректерін және жердегі зерттеулерді салыстырмалы талдау негізінде жерді пайдалану динамикасын және жай-күйін ағымдағы бағалау заманауи геоақпараттық технологиялар негізінде жасалады.

Топырақ жамылғысы, әсіресе ауылшаруашылық жерлері деградацияға және ластануға ұшырайды, жойылуға төзімділігін, қасиеттерін қалпына келтіру және құнарлылығын көбейту қабілетін жоғалтады.

Жердің жай-күйінің мониторингі шеңберінде жердің сандық және сапалық сипаттамаларының өзгерістері байқалады, оның ішінде топырақтың жай-күйін, олардың ластануын, қоқыстануын, деградациясын, жердің бұзылуын бақылау нәтижелерін ескере отырып жер жағдайының өзгеруі анықталады.

Жердің мемлекеттік мониторингі Қазақстан Республикасындағы жердің жай-күйі туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді және сақтауды, олардың нысаналы мақсаты бойынша жерді пайдалануды үздіксіз бақылауды, сондай-ақ жердің сапалық жағдайын талдауды және бағалауды қамтиды. оларға табиғи және антропогендік факторлардың әсері. Бұл мониторингті басқа атқарушы билік органдарымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттесе отырып, жер кадастры қызметкерлері жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мемлекеттік мониторингін дамыту тұжырымдамасында нақты анықтама берілген: «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мемлекеттік мониторингі – бұл өзгерістер бойынша жедел, мерзімді және базалық (алғашқы) бақылаулар (аэроғарыштық зерттеу, жерүсті, гидрометеорологиялық, статистикалық бақылаулар) жүйесі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің және басқа санаттағы жерлердің құрамында, ауыл шаруашылығының табиғи-өндірістік объектісі ретінде пайдаланылатын немесе берілген жерлердің сапалық және сандық жай-күйі, олардың шаруашылықта пайдаланылуы, сондай-ақ осы жерлерге, топырақ пен олардың өсімдік жамылғысына тұрақты аралықта зерттеулер жүргізу».

Ауыл шаруашылығы жерлерінің мониторингі кезінде келесі міндеттер шешіледі:

- ауыл шаруашылығы алқаптарының жай-күйіндегі өзгерістерді дер кезінде анықтау, осы өзгерістерді бағалау, олардың құнарлылығын арттыру, келеңсіз процестердің салдарын болдырмау және жою бойынша болжам жасау және ұсыныстар әзірлеу;

- ауылшаруашылық полигондары мен контурларының географиялық анықтамасын пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы қызметінің негізгі ресурсы ретінде ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалы жағдайын және тиімді пайдаланылуын жүйелі түрде зерттеу және топырақ құнарлығын бақылау негізінде мәліметтер алу;

- ауыл шаруашылығы алқаптарының өсімдік жамылғысының жай-күйіне мониторинг жүргізу;

- ауыл шаруашылығы алқаптарының топырақ құнарлылығының реестрін жүргізу және олардың жағдайын есепке алу;

- жер қатынастары саласындағы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бөлігінде) мемлекеттік саясатты талдау, болжау және дамыту және мұндай жерлерді ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану, сондай-ақ статистикалық қызметте пайдалану мақсатында ауыл шаруашылығы

мақсатындағы жерлер бойынша мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру;

– заңды және жеке тұлғалардың ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйі туралы ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– халықаралық бағдарламаларға қатысу (халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету).

Қазіргі уақытта Қазақстанда топырақтың деградация процестерін анықтаудың негізгі құралы мониторинг жүйесі болып табылады, бұл мелиоративтік әдістердің қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді (мелиорация, егістік-қорғау орман өсіру және т.б.), бұл өз кезегінде эрозияға және дефляцияға ұшыраған ауылшаруашылық жер ресурстарының сапасын арттырумен қатар сақтауға мүмкіндік береді.

Бұл жүйе топырақты бағалауды, жер ресурстарының тозу дәрежесін анықтауды, эрозия процестерінің динамикасын бақылауды, тозу факторлары мен көздерін анықтауды, жер заңнамасын жетілдіру бойынша негізделген шешімдерді дайындауды қамтиды.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің, оның ішінде эрозияға және дефляцияға ұшыраған жерлерінің жай-күйінің мониторингі ауыл шаруашылығы жер қорының жай-күйіне мониторинг жүргізуге арналған материалдар негізінде жүзеге асырылады:

- Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) деректері;
- сынақ алаңдарының желісі;
- жердегі зерттеулер, бақылаулар және түсірулер;
- жерге орналастыру құжаттамасы;
- жерлерді түгендеу және зерттеу;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұсынған деректер [4].

Топырақтың деградация дәрежесін бағалау өте жауапты, қажетті ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және топырақ зерттеулерін және таңдалған топырақ үлгілерін талдау үшін әртүрлі мамандарды тартуды талап ететін өте көп уақытты қажет ететін процесс. Сондықтан қазіргі уақытта қашықтықтан зондтау әдісі ауыл шаруашылығы жерлерінің тозу жағдайын бағалаудың ең тиімді және перспективалы әдісі болып табылады. Әдістің негізгі артықшылықтары: объективтілік, тиімділік, біркелкілік, көріну, сенімділік және уақыттылық.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жүйелі мониторинг жүргізу:

- ауыспалы егіс алқаптары мен ауыл шаруашылығы полигондарының жағдайы;

- топырақ құнарлығы және оның өзгеру процестері
- егістік, тыңайған, шабындық және жайылымдық жерлердегі өсімдік жамылғысының жай-күйінің өзгеруін анықтаудан тұрады.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің мониторингін ұйымдастыру ауыл шаруашылығы жерлеріндегі өзгерістерді уақтылы анықтауға, осы өзгерістерді бағалауға және оларды бақылауға, құнарлылықты арттыру, келеңсіз процестердің салдарын болдырмау және жою бойынша болжамдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер негізінде ауыл шаруашылығы жерлерінің өсімдік жамылғысының сапасы бақыланады, бұл ауыл шаруашылығы жерлерінің топырақ құнарлылығының тізілімін жүргізуге

ықпал етеді және жерлерді антропогендік дамытудың осы кезеңінде олардың ағымдағы жағдайын ескереді.

Ауыл шаруашылығын қадағалау органдарын топырақ пен жердің жай-күйі туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері тікелей қамтамасыз ететін мемлекеттік статистикалық есептілік пен агрометеорологиялық станциялар желісінің деректеріне негізделген. Көбінесе ұсынылған деректер сенімді емес және нақты көріністі көрсетпейді деп болжау қисынды болар еді, сондықтан жиналған ақпараттағы осындай дәлсіздіктерге байланысты жағдайды дәл бағалау мүмкін емес.

Бірқатар факторларға байланысты, мысалы: ауыл шаруашылығы алқаптарының кеңдігі, аумақтардың ауыл шаруашылығын дамытудың цифрлық карталарының жоқтығы және т.б. уақтылы және сапалы бақылау процесі өте күрделі. Осы проблемалармен күресу үшін жаңа құралдар мен технологиялар, бақылау, ақпаратты жинау және өңдеу жүйелері енгізілуде, оның ішінде жерді қашықтықтан зондтау деректеріне негізделген қолдануда ең объективті және тиімді, бұл бір уақытта бақылауға мүмкіндік береді. Спутниктік мониторинг толық ақпарат жинауға мүмкіндік береді және барлық ауылшаруашылық аймақтарын қамтиды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі жүргізетін мониторингтің басқа түрлері де бар, мысалы: ауыл шаруашылығы жерлерінің топырақ құнарлылығын жыл сайынғы жер бетіндегі зерттеулер. Олардың негізінде соңғы он жылдағы мәліметтерді қамтитын топырақ құнарлылығының үнемі жаңартылып отыратын мәліметтер базасы құрылады.

### **1.3 Жерді тиімді пайдалану мен қорғау мәселелері**

Жерді ұтымды пайдалану – қоғамдағы адамдар мен әлеуметтік топтар арасында қалыптасқан әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынастар формаларының бірі. Оның жүйесі мен түрлері өндірістік қатынастардың тарихи дамуы мен ауысуына байланысты өзгеріп отырады. Жерді сол қоғамда қабылданған заңдарға сәйкес пайдаланады. Қазақстанның табиғи- климаттық ерекшеліктеріне қарай жер әр түрлі дәрежеде, көбінесе, егіншілік, жайылымдықтар мен шабындықтар үшін пайдаланылады. Ол үшін жерді құнарландыру мәселесін қолға алып, жер байлығын мал өсіру мен егіншілікте тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Жер аграрлық экономиканы шектеуші фактор болып табылады. Сондықтан жерді пайдалану және жерді иемдену аграрлық қатынастар жүйесінің негізін құрайды. Иемдену деген әлі толық меншік емес. Иемдену қатынастарындағы меншік объектері, тікелей иемденетін объект емес, олар шаруашылық жүргізудің шарты болып табылады. Жерді ұтымды пайдалану ауыл және орман шаруашылығында топырақтың құнарлығын арттырумен байланысты агротехникалық шараларды жүргізу арқылы жер пайдалануды білдіреді Жерді қорғау — оның табиғи қасиеті мен шаруашылық мақсатын қорғау. Бапқа сәйкес, жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға

бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Жер пайдаланушылардың:

1) ортақ пайдаланудағы;

2) қорғаныс қажеттеріне берілген;

3) орман қорының;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы;

5) қызметтік жер телімінің;

6) уақытша өтеусіз және уақытша қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерінің;

7) кепілге беруді қоспағанда, шаруа (фермер) қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерінің;

8) су қорының жерінде жер пайдалану құқығын иеліктен шығаруды қоса алғанда, жер пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасасуына жол берілмейді.

Жердің тозуын болдырмау, топырақтың құнарлылығын және ластанған аумақтарды қалпына келтіру мақсатында, сондай-ақ ауыл шаруашылығының тозған алқаптарының, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттардың жол берілетін шектегі қоспаларының және жол берілетін шектегі әсер деңгейінің белгіленген нормативтерінен артық ластанған, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, сулармен ластанған жердің, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жердің топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жерді сақтап қою көзделеді.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар:

1) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғауға;

2) ауыл шаруашылығы жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай-күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға;

3) бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымына уақтылы тартуға;

4) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және пайдалануға бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті.

## 2 Бонитет баллының кадастрлық бағалаудағы рөлі

### 2.1 Зерттеу аймағына сипаттама

Алматы облысы – республиканың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Жер аумағы 224,0 мың км<sup>2</sup>, яғни Қазақстан Республикасының территориясының 9%-дан аса бөлігін алып жатыр. Тұрғын халқы 1562 мың адам, олардың орналасу тығыздығы – 1 км<sup>2</sup>-ге 7 адамнан.

Облыстың табиғаты мен жер бедері ала құла. Балқаш және Алакөлге ұласатын солтүстігі көлбеуленген құмды жазық алқап. Жер беті құрылымы бойынша облыс екі әртүрлі бөлікке бөлінеді: оңтүстік – таулы және солтүстік – жазықтық. Облыстың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында тау жоталары орналасқан – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік таулары. Облыстың солтүстік және солтүстік-батысын Балқаш алды шөлі алып жатыр. Облыс шекарасын Тянь-Шань тау жүйесінің орталық бөлігін Іле алды Алатауы алады. Қарлы шыңдар тән болып келетін ірі тау жүйесі Іле жазығынан тік көтерілген. Тау етегіндегі суармалы жерлерде халық тығыз орналасқан. Жоталардың орналасуы ендік бағытта. Оның ұзындығы 250 км және ені 40-60 км. Морфологиялық жағынан Іле алды Алатауы батыс, орталық және Шығыс болып үшке бөлінеді. Батыста Іле алды Алатауы екіге бөлінеді: Солтүстік бөлігі Қастек асуынан кейін Кіндіктас таулары атауына ие болады, оңтүстігі Қырғыз Алатауы жотасы бастау алатын Шу өзені алабын алып жатыр. Іле алды Алатауының шығысы жанасып орналасқан Сөгеті, Бөгеті және Торайғыр жоталарына жалғасқан. Іле алды Алатауының ең биік нүктесі жотаның орталық бөлігінде орналасқан Талғар шыңы (5017 м). Жотаның орталық бөлігінде қазіргі мұз басу процесі орын алған. Іле алды Алатау жеріндегі ауданы, Н.Н.Пальгов мәліметтері бойынша, 484 км<sup>2</sup>, ал мұздықтардың жалпы саны – 265. Қар биіктігі 3800-4100 м аралығында, ол солтүстік беткейлерде төмен (3800-3900 м) және оңтүстігінде жоғары (4000-4100 м). Мұздықтар алабының етектері солтүстік беткей бойымен 3200-3500 м-ге төмендейді. Іле алды Алатауындағы ең ірі мұздықтардың бірі – Корженевск мұздығы (жотаның оңтүстік беткейінде) ұзындығы 12 км-ге жетеді, Дмитриев мұздығының ұзындығы 6,6 км, Конституция – 4,6 км, Тоғызак – 4,5 км, Калесник – 4 км және т.б. Бұл мұздықтар өзінің кең фирнді далаларымен жота беткейлерін терең тілімдейтін көптеген өзендердің қоректену көздері болып табылады. Іле алды Алатауының тік қимасы қабатты құрылысымен сипатталады. Биік таулы қабат терең тілімденуімен ерекшеленеді. Бұл – тік және жартасты беткейлер зонасы. Төменірек таулы бедердің терең тілімденген қабаты орналасқан. Бедердің типтік элементі болып террасалары нашар сақталған участкелі тік беткейлі өзен алаптары табылады. Іле алды Алатауының барлық биік таулы және таулы қабаты палеозой жыныстарынан құралған. Төмен таулы бедер Іле алды Алатауының шығыс және батыс бөліктеріне тән. Ол кең алаптармен бөлінген ұсақ шоқылардан тұрады. Іле алды Алатауының оңтүстігінде Шелек пен Үлкен Кебін өзендері алаптарын бойлай Күнгей Алатауының қарлы шыңдар жүйесі орналасқан. Ол Алматы облысының құрамына тек қана өзінің шығыс бөлігінің солтүстік беткейімен ғана кіреді. Жотаның биіктігі Шелек-Кебін тау жүйесінің маңында 4600 м, шеткі шығыс бөлігінде 3000 м-ге дейін төмендейді. Күнгей Алатауының шығыс бөлігіндегі солтүстік беткейі гранит, кварцты диорит, аплит, құмдақ, саз, мергель мен орта және төменгі карбонның ізбесті тасынан тұрады.



Күнгейдің шығыс бөлігінің етегінде, Шелек пен Шарын өзендерінің аралығында Жалаңаш жазығы созылып жатыр. Оның солтүстігінде Сөгеті кең алабымен бөлінген Торайғыр аласа таулы массиві (биік нүктесі 2403 м) және Сөгеті-Бөгеті таулары орналасқан. Алматы облысының аумағында орналасқан Теріскей алатаудың солтүстік беткейлері 2000 м биіктікке дейін көтерілетін Текес өзенінің жоғарғы ағысының тау аралық алабында төмендейді. Жота көптеген шыңдары мәңгі мұз және мұздықпен жамылған жыралармен тілімденген. Теріскей Алатауының солтүстік шығысында Қопыл, Ұлытастау (3920 м), Бас-Ұлытау (3430 м), Ельчен-Буйрюк (3015 м), Қаратау (3686 м) массивтері орналасқан. Олар Текес алабын Кеген тау аралық алабы мен Үшхасан үстіртінен бөліп тұр. Жоғары аталған биік емес массивтер жазық көтерілімдер жүйесін құрайды. Тау беткейлері қылқан жапырақты ормандар басым болып келетін өзен алаптарымен тілімденген. Оңтүстік пен оңтүстік-шығыста Ұлытастау мен Қаратау тауларының арасында, солтүстік-батыста Кетмен мен Құлықтау жоталарының арасында тауаралық Кеген алабы орналасқан. Оның абсолюттік биіктігі 2000-2300 м. алаптың беті кейбір жерлерде батпақтанған. Кеген жазығының солтүстігінде Кетмен жотасы орналасқан. Батыста Құлықтау тауларымен Күнгей Алатауына жалғасады және шығысында Қытай аумағына өтеді. Облыс ішінде Кетмен кең созылып орналасқан. Оның ұзындығы 300 км, ені 40-50 км. Жотаның максималды биік жерлері (3650 м-ге дейін) оның шығыс бөлігінде орналасқан. Кетменнің батыс бөлігі палеозой ізбес тасынан, құмдақтан және граниттен құралған. Кетмен суайрығы қазіргі мұз басу процесі болмаған жазық-толқынды беткей болып келеді. Жота баурайлары тік, терең алаптармен тілімденген. Іле алды Алатауының солтүстік-батыстағы жалғасы болып Жамбыл мен Алматы облыстарының шекарасы бойымен өтетін Шу-Іле таулары табылады. Ол облыс құрамына өзінің тек оңтүстік-шығыс бөлігімен ғана кіреді. Оның морфологиясы бедердің үстірт тәрізді және ұсақ шоқылы элементтермен сипатталады. Алматы облысының солтүстік-батыс бөлігі теңіз деңгейінен 500-ден 350 метрге дейінгі биіктіктегі жазықтық болып табылады. Бұл жазықтық төрттік кезеңнің аллювиальды және эолды шөгінділерден құралған. Оның көп бөлігін Сарыншық-Атырау, Таукұм және Қорғанқұм құмдары алып жатыр. Осы құмдар бедерінің негізгі элементтері болып тізбектер мен адырлар табылады. Олардың биіктігі 80 метрден аспайды. Баурайларына ксерофитті өсімдіктер жамылғысы тән. Іле өзенінің дельталық бөлігінде көптеген құрғақ сағалармен тілімденген кең Бақанас жазығы созылып жатыр. Тақырлы сазды жазық үшін сорлардың кең таралуы тән. Ежелгі ағынның негізгі салалары болып Шет-бақанас, Орта-бақанас және Нарын-бақанас табылады. Шет-бақанастың жалпы ұзындығы 240 км, ені 25-85 метр. Орта-бақанастың ұзындығы 165,5 км, орташа ені 100-150 м, максималды ені 800 м-ге дейін. Нарын-бақанастың ұзындығы 253 км, ені 150-200 м. Балқаш алды жазығының аймағында Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс таулары (Құланбасы мен Малайсары) және Қарой мен Бозой үстірттері орналасқан.

